



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Ө.ШӨКЕЕВ: «Біз суды тиімді пайдаланып, мол өнім алудың үлгісін көрсетуіміз керек»



Шаруа қожалықтарының иелерімен кездескен Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев оларға табысқа жетудің жолын көрсетті. Шаруа қожалықтарының бірігіп, технологияның көмегімен суғару тәсіліне көшудің қыр-сырын түсіндірді. Облыс басшысы суды шаһарға қолдан әкелудің бірқатар жолы айқындалып, ол жүзеге асып жатқанын жеткізді.

Түркістан қаласы аумағында азық-түлік белдеуін қалыптастыру мен су нысандары жобалары қарқынды іске асырылуда.

«Біз Түркістан өңірінде суды тиімді пайдаланып, одан мол өнім алудың үлгісін көрсетуіміз керек. Оған бар мүмкіншілік

бар. Ол үшін бірігу керек. Ысырапшылдыққа жол берілмейді. Ағын суды үнемдеп, жаңа технологияның көмегімен пайдалануды үйрену керек. Түркістан төңірегін көгертіп, оазис жасаймыз» деді облыс әкімі.

Түркістан қаласының маңында диқандар егістікті АҚШ-тан әкелінген арнайы техника арқылы жаңбырлатып суғаруда. Мамандардың айтуынша, бұл – өте тиімді тәсіл. Осы бастама арқылы

ағын су шығыны бірнеше есе азайып, өнім түсімі төрт есеге дейін артады. Кешенді жоспар аясында аграрлық салаға, оның ішінде Түркістан қаласы аумағында 11 мың гектар алқапқа азық-түлік белдеуін қалыптастыру және ағын су тапшылығын жою мақсатында су нысандары құрылысын жүргізуге үлкен басымдық беріліп отыр.

Азық-түлік белдеуін қалыптастыру жобалары Түркістан қаласының аумағында интенсивті технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылып жатыр. Кешенді жоспар бойынша ірі инвестициялық жобалар іске асырылып, өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімі артып, жаңа жұмыс орны құрылуда. «Агропарк» жобасы бойынша бірқатар бірегей бастамалар жүзеге асуда.

Жоба аясында шаруалар тиімді суару тәсілінің көмегімен алма бағы, жеміс-жидек және бақша дақылдарын өсіруді қолға алған. Бұдан бөлек, инвесторлар 200 гектар аумаққа америкалық технологияны қолдана отырып, жаңбырлатып суғару арқылы жоңышқа егу және қайта өңдеу жобасын іске асыруды жоспарлауда. Жоба құны – 1,5 млн. АҚШ доллары.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Мемлекет басшысы: Үкіметтің арнайы комиссиясын Маңғыстау облысына жіберу керек

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев облыстағы кәсіпорындардың жұмысшыларының наразылығы туралы айтты, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысындағы ахуал оңай емесін айтты.

–Менің тапсырмама сәйкес, өңірді кешенді дамытуға қатысты жоспар қабылданды. Бұл құжат биыл тағы да пысықталды. Оған сәйкес қомақты қаражат бөлінді. Ол бірінші кезектегі міндеттерді шешуге жұмсалады. Сондықтан істі созбай, дереу жұмысқа кірісу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қабылданған шараларға қарамастан еңбек ұжымдарының наразылығы күшейіп келе жатқанын жеткізді.

–Жұмысшылардың барлық талабын мұқият қарау керек. Олардың заңды құқықтары мен мүдделері сақталуы керек. Кәсіподақ жетекшілері мен жұмысшылары шеруге шығып жатқан компания иелеріне сындарлы диалог орнату қажет. Қабылданған шешімдердің барлығын қарапайым жұмысшыларға дұрыс түсіндіру керек. Проблемамен айналысуды әкімдікке жүктеп қоюға болмайды. Оларды қолдап, туындаған мәселелерді бірлесе қараған жөн. Проблемаларды шешу үшін Үкімет мен «Самұрық-қазына» бірлесе жұмыс істеуі керек. Қажет болса, Үкіметтің арнайы комиссиясын Маңғыстау облысына жіберу керек, – деді Мемлекет басшысы.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

«Қазақстан халқына» қоры кімдерге көмек көрсетеді?

Qazaqstanhalqyna.kz сайты іске қосылғаннан бері «Қазақстан халқына» қорына 13 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл туралы «Қазақстан халқына» қорының баспасөз қызметі мәлімдеді, деп жазады Egeмен.kz.

Қазіргі таңда қорда 115 миллиард теңгеден астам қаражат жинақталған. Шұғыл әрекет етуді талап ететін мәселелер бойынша сараптамалық комитеттер жұмысқа кіріскен.

Қордың баспасөз қызметі, сайт пен әлеуметтік желідегі мессенджерлерге үй сатып алу, несие және басқа да қаржылық займдар бойынша міндеттемелерді төлеу, отбасылық іс-шаралар мен мерекелік шаралардың қаражатын өтеу мазмұнындағы өтініштер де түсіп жатқанын жеткізді.

Айта кетейік, қамқоршылық кеңес «Қазақстан халқы» қорының негізгі міндеттерін айқындайтын тұжырымдаманы бекітті.

Осылайша, құжатқа сәйкес, қордың қызметі болашақта аурулардың және мүгедектіктің ықтимал дамуын болдырмау мақсатында сәбилерге медициналық қызмет көрсетуді дамытуға және оның қолжетімділігін арттыруға жәрдемдесуге, спорт және білім беру инфрақұрылымы, сондай-ақ балаларға арналған басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталады.

Сондай-ақ қор мүгедек, науқас немесе әлеуметтік бейімделу проблемалары бар баланы асырап алған, қамқорлығына алған немесе патронаттық тәрбиені ұйымдас-



тырған отбасыларға көмек көрсетумен және аз қамтылған отбасының балаларына көмек көрсету үшін мектептермен өзара іс-қимыл жасайды.

Сонымен қатар тізімге Қазақстанның аумақтық тұта-

стығы мен қауіпсіздігін қорғау немесе адамдардың өмірін сақтап қалу және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету кезінде қайтыс болған немесе ауыр жарақат алған құқық қорғау органдары, арнайы органдар, ҰҚК

қызметкерлерінің отбасыларына, әскери қызметшілерге, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен адамдарға қолдау көрсету қызметі кіреді.

«Аталған қызмет бағыттарын Қамқоршылық кеңес бекітті, ал басқа салалар Қор қызметіндегі басым бағыттарға жатпайды. Сондай-ақ біз азаматтардың қаржылық проблемалары барын түсінеміз. Алайда бұл мәселелердің барлығын қор шеше алмайды. Сондықтан қор тұрғындардан тұжырымдамада көрсетілген қызмет бағыттарын мұқият оқып шығуды сұрайды», деді «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Әлібек Әбділов.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Бүгінгі күні Агенттік қызметінің негізгі бағыттарына өзгерістер енгізіліп, қылмыскерлерді қырықтап жазалауға емес, оның жолын болдырмауға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға басымдық берілуде.

Бұл ретте, ел азаматтарының қолдауы мен белсенділігі, ашықтығы мен оперативтілігі айрықша маңызға ие. Анығында, "Жемқорлыққа қарсымыз!" деген ортақ ұран көптің көкейінде келіп тұрғанымен, іске келгенде кейбір азаматтар бармақ басты әрекеттерге көз жұма қарайтыны жасырын емес.

Сондықтан, қандай да бір сыбайлас жемқорлық көріністеріне куә болған азаматтың

кен ақпаратқа айрықша ден қоюда.

Азаматтардың құқықбұзушылық туралы берген мәліметі расталып, сот қаулысы немесе айыптау үкімі заңды күшіне енген болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жұмысына жәрдемдескені үшін аталмыш азаматтарға біржолғы ақшалай сыйақы төленеді және олардың жеке бас қауіпсіздігі мемлекет тарапынан қатаң бақылауда болады.

Құқықбұзушылық фактісі туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеу, яғни біржолғы ақшалай сыйақы беру мөлшері сыбайлас жемқорлық қылмысының деңгейіне сәйкес беріледі.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІН БАЙҚАСАҢЫЗ,

сенім телефонына қоңырау шалыңыз



әлеуметтік індетке қарсы белсенді әрекет ете білуі - еңсәлі еліміздің ертеңі үшін жасалған бірден-бір саналы шешім болып табылады.

Ең алдымен, қандай да бір жемқорлық құқықбұзушылық фактісі туралы ақпарат білген тұрғын Агенттіктің тәулік бойы тегін қызмет көрсететін «1424» Call-орталығына қоңырау шалуы қажет.

Онда хабарласушының жеке ақпараты құпия түрде сақталады және берілген түрлі ақпараттар мен арыз-шағымдар, ұсыныстар мен пікірлер операторлар арқылы қабылданады.

Ел аумағынан және өңір тұрғындарынан, сондай-ақ түрлі елді мекендерден сыбайлас жемқорлық тәуекелін жасады деген ақпарат келіп түскен жағдайда, жедел желінің операторлары абонентті Агенттіктің кезекші офицерімен тікелей байланысқа қосып, әрбір хабарламаны назарға алып отырады.

Тіпті, кейбір тұрғындар өз ақпаратына сенімсіздік білдірген жағдайда, тегін консультациялық кеңестер беріліп, ақпараттық көмектер көрсетіледі.

Бүгінде бұл аталған сенім телефонымен келіп түскен хабарламалар арқылы қаншама іс қозғалып, бірқатар көлеңкелі қылмыстың беті ашылып үлгергенін айта кеткен жөн.

Сондай-ақ, қоғам індеті туралы тиісті мекемеге хабарлаудың өзге де жолдары қарастырылған. Атап айтсақ, Агенттікке не болмаса Агенттіктің аумақтық Департаменттеріне жазбаша түрде арыз қалдыру арқылы хабардар етуге болады.

Бұл тұрғыда, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Агенттік «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын негізге ала отырып, әрбір тұрғын тарапынан келіп түс-

Атап айтсақ, бүгінгі күні 1 айлық есептік көрсеткіш - 3063 теңгені құрайтындығын ескерсек, әкімшілік істер бойынша - 91 890 теңге (30 АЕК), қылмыстық істер бойынша - 122 520 теңге (40 АЕК), орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша - 153 150 теңге (50 АЕК), ауыр санаттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша - 214 410 теңге (70 АЕК) және аса ауыр санаттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша 306 300 теңге (100 АЕК) мөлшерінде ақшалай сыйақы беру жолдары қарастырылған.

Бұған қоса, құны 1000 АЕК асатын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара немесе келтірілген залал мен көрсетілген қызметтер соммасының 10%-ын құрайды.

Бұл әдіс бармақ басты, көз қысты әрекеттердің анықталуын жеделдетіп қана қоймай, мемлекет пен қоғам арасындағы қашықтықтың қысқаруына және халықпен кері байланыстың сапасын арттыруда тиімді тетік көзіне айналып отыр.

Сондықтан, азаматтық белсенділіктің айрықша рөлге ие екендігін тағы да хабарлай келе, ел игілігі жолында жұдырықтай жұмылып, өңір жұртшылығын қоғамның қалыпты құбылысына айналған қауіпті кеселдің алдын алуда бірлесу жұмыс істеуге шақырамын.

Нұрдәулет СӘМЕТ,
Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл
агенттігінің (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
қызмет) Түркістан облысы
бойынша департаменті
басшысының
бірінші орынбасары.

Аудан әкімі білім беру мекемелерін аралады



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Шолаққорған ауылындағы бірқатар білім беру мекемелерін аралады. Аудан орталығындағы Ы.Ал-

тынсарин атындағы жалпы орта мектебінде болып, жаңадан салынатын мектеп ғимаратының жобасымен танысты. Ы.Алтынсарин

білім ордасының жобасын дайындаған құрылыс бөліміне бірқатар сын ескертпелер айтты. Сондай-ақ Т.Әлімқұлов мектеп лицей интернаттың қосымша жайын салу барысында, құрылыс сапасына мән беруді тапсырды. А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінде болып, білім ордасының тыныс-тіршілігін көріп, оқушылармен жүздесті. Мектеп директоры Талғат Шаймерденов білім ордасына қатысты бірнеше мәселені көтерді. Аудандық адами әлеутті дамыту бөліміне шешу тетіктерін қарастыруды тапсырды.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

Жуырда аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Таукент кентінде болып, тұрғындардың арыз шағымын тыңдап, халықпен жүздескен болатын. Жиын аудан әкімі жергілікті тұрғындардың сауалдарына жауап берген еді. Кездесу барысында Таукент кентінің тұрғындары бірнеше мәселені көтерді. Соның бірі Жыныс ата шағын ауданының тұрғындары электр желісінің жиі өшетінін айтып шағымданған болатын. Аудан әкімі «Оңтүстік жарық транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйесі филиалының басшысы Фабит Елбергенұлына көпшілік көтерген мәселені шұғыл шешуді тапсырған болатын.

Қазіргі таңда Жыныс ата шағын ауданындағы транс-



Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселе шешімін тапты

форматор ауыстырылып, біршама бағаналар жаңадан қойылды. Электр сымдары тартылып, тұрғындар қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. Онан бөлек тұрғындар саяжай атап кеткен шағын ауданның электр желісіне кедергі келтіретін тал бұтақтары қырқылып, ретке келтірілді. «Оңтүстік жарық транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйесі филиалының басшысы Фабит Елбергенұлы: «Ке-

шегі боранда Жыныс ата шағын ауданында электр өшу жағдайы тіркелмеді. Табиғаттың тосын жағдайында біз барынша шұғыл әрекет етіп, электр желісімен уақтылы қамтамасыз етуді ұйымдастырып отырмыз. Алдағы күндері аудан орталығы Шолаққорған ауылында екі көшеде трансформаторды іске қосуды жоспарлап отырмыз», - дейді.

«Сөзақ үні»-ақпарат.

Орнықты ой қалыптасты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» арнасына берген сұхбатында көп мәселе көтерілді. Шындығында бұл сұхбатты халық күтті және бәріміздің көптен бері көкейімізде жүрген сұрақтарға нақты жауап берілгенін айтуымыз керек. Президент айтқан халық үніне құлақ асатын мемлекет құрамыз десек, онда дәл қазіргі уақытта ашықтық саясаты қажет.

Сұхбаттан еліміз үшін қиын сәттерде тың шешімдер қабылдау қажеттігі туындағанына хабардар болдық.

«Нұр Отан» партиясының кезектен тыс съезінде мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан» құру

үшін өткенімізді ешуақытта ұмытпауға тиіс екенімізді баса айтты. Иә, өткеніміз- еліміздің қауіпсіздігі, еліміздің тәуелсіздігі, мемлекеттің егемендігі. Бұл қазіргі кезеңде көзіміздің қарашығындай сақтайтын ең үлкен құндылығымыз болып табылады. Сондықтан бүкіл халық болып осы мәселені дұрыс талқылап, оң шешімін табуымыз қажет және болашағымыз үшін баршамыз жұмыла жұмыс істеуге тиіспіз.

Еліміздің ішкі даудан, сыртқы жаудан аман болуы, қалыпты бейбіт өмірге тезірек орлау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіс екенімізді айтты. Халықтың қалауы

да осы. Бәрімізде еліміз тыныш болса екен, сан ғасырлық тарихында мың өліп, мың тірілген, ел басына күн туған сын сағаттарда ерлігімен, ерлігімен тұтастығын сақтап, еліміздің амандығын күн сайын тілеп отыратынымыз анық.

Президент сұхбатынан кейін Қазақстанның болашағына қатысты орнықты ой қалыптасты. Демек ата бабамыз аңсаған жаңа Қазақстанды құру кезеңінде бұл да дамудың бір үрдісі болары рас.

Есен ДОСБОЛОВ,
Құмкент ауылдық
ардагерлер
кеңесінің төрағасы.

Мал қыстатудың жайы қалай?



Оқырмандарымыз жақсы біледі, аудандық «Созақ үні» газетінің редакциясы жылда қыс шығып, көктем келіп, қара күзге дейін ауыл және мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтардың иелері мен есігінің алдында бес-он тұяғы бар жерлестеріміздің алдағы қыс мерзіміне дайын болулары үшін ескерту мақалалар әзірлейміз. Әрине, бұл ретте алдымен аудан әкімдігі ауылшаруашылық бөліміне хабарласып, мамандардың берген мәліметтеріне жүгінеміз. Тіпті, осы бағыттағы жұмыстар нәтижелі болуы үшін газет журналистерінің аталмыш бөлімнің басшысымен немесе мамандарымен аудан шаруаларының мал жайылымдары мен мал азығын дайындайтын егістік және шабындық жерлеріне дейін аралап, жағдайды бағамдайтын кездеріміз де болып жатады. Сонау, Кеңес заманынан ауыл және мал шаруашылықты аудан болып есептелетіндіктен бұл саланың өңіріміз үшін маңызы зор. Егер, елімізде айтылып жатқан саяси және экономикалық болжамдарға сенсек, алдағы уақыттарда өкіметтің ауыл және мал шаруашылығына деген саясаты бұрынғыдан да жақсарып, қолдау күшейетін секілді. Мұны енді алдағы уақыттарда көптен бірге көре жатармыз. Әзірге, осы уақытқа дейін ауданымыздың ауыл және мал шаруашылығы саласында қандай жұмыстар және қай деңгейде атқарылғандығын жазатын боламыз. Себебі, біріншіден, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі осы сала жайында бірнеше рет мәселе көтерді. Әсіресе, осы ауыл және мал шаруашылығына осы таңға дейін бөлініп келген субсидия мәселесі, алдағы уақыттағы жайы қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Екіншіден, өздеріңіз білетіндей былтырғы жылы: «биыл қыс болмады, жайлы болды» деп жүріп, дәл қыс шығып, көктем келетін уақытта еліміз бойынша табиғат тосын мінез танытқан болатын. Қалың жапқан және сіресіп жатып алған қар мен апталап тұрған боранның нәтижесінде мал шаруашылығы саласында едәуір шығын орын алды. Табиғаттың бұл тосын мінезі біздің Созақ ауданында айналып өтпеді. Кәдімгідей мал шығыны орын алды. Дегенмен, жергілікті билік пен бұқара бас, күш біріктіріп үлкен шығындардың алдын алды. Әйтпесе, еліміздің бірқатар аймақтарында адам шығыны да мал шығыны да болып жатты. Міне, былтырғы жылы орын алған осы бір жәйттарды ескеріп, табиғат әзір тосын мінез көрсетпесе де ертеңгі күні қап деп қалмасы үшін, аудан шаруаларының тыныс-тіршілігінен хабар болмақты жөн көрдік. Осы себепті де аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Сұлтанғазиев Қанат Құтжанұлына хабарласып, әңгімеге тартқан едік. Ұзақ жылдардан бері осы бөлімде басшы, маман болып істеп келе жатқан кәнігі сала маманының сауалдарымызға жауабы мынау

еді:

Биылғы мал қыстату науқанына дайындық біршама нәтижелі ұйымдастырылды. Олай дейтінім, 2021-2022 мал қыстату кезеңі шаруалар үшін жайлы әрі қолайлы жағдайда өтуде. Әрине, бұл ретте сол жоғарыда сіз сөз еткен қалың жауған қардың алғашқыда қиындығын көрсек-те арты аудан шаруалары үшін қайырлы болды. Шөп бітік шығып, егістік өнімді болды.

Қай кезде және қай өңірде болмасын қысқы кезеңге дайындық жұмыстарына ерекше маңыз берілген ғой. Ауданымыз мал шаруашылығымен айналысып отырған ірі өңірлердің бірі де бірегейі.

Жалпы, ауданда 3493772 га жайылымдық жер бар. Бұл аудандағы барлық жер көлемінің 85,1 пайызын, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 98,8 пайызын құрайды. Мойынқұмдағы 895 мың гектар мен Мойынқұмды Бетпақпен жалғайтын шабырдағы 502 мың гектар және Мойынқұмды тау өңіріне дейінгі жазықтықпен жалғайтын шабырдағы 497 мың гектар жайылымдық жерлер ауыл шаруашылығы малдарын қысқы кезеңде ұстауға қолайлы болғандықтан Кеңес кезінен бері ауыл шаруашылығы малдарының қысқы жайылымы болып есептелген. Жазғы кезеңде Бетпақ жайылымын пайдаланған шаруалар қысқы кезеңде табиғат қатаңдығына байланысты Бетпақ жайылымында мал ұстау мүмкін болмайтындықтан Мойынқұм жайылымын пайдаланады.

Осы мал шаруашылығы үшін аса маңызды Мойынқұм мен Мойынқұмды Бетпақпен және тау өңіріне дейінгі жазықтықпен жалғайтын шабырдағы жайылымдық жерлердің 1015543 гектары Созақ ауданы әкімінің 1998-2003-2005-2007-2014-2018 жылдардағы шешімімен Орман қорына берілген. Мойынқұм жайылымынан 1996 жыл мен 2044 жылдар аралығында Жарты төбе ауылдық округына «Қуан» ш/қожалығы 200 га, Шолаққорған ауылдық округына «Бағдат» ш/қожалығы 2850 га, «Ел-берген» ш/қожалығы 400 га, Созақ ауылдық округына «Жылтырақ» ш/қожалығы 100 га, Қаратау ауылдық округына «Созақбай» ш/қожалығы 500 га, «Ақбұра» ш/қожалығы 403 га, «Жиёмбет» ш/қожалығы 1000 гажалға жайылымдық жер алған. Сонымен қатар, «Созақ», «Құмкент» және «Қарақұр» өндірістік кооперативтері кезінде жалға алған мойынқұм жеріндегі жайылымдарын пайдаланып отыр. Одан басқа шаруалар Мойынқұм жайылымының Орман қорына өтіп кетуіне байланысты оны пайдалануда біршама қолайсыздықтарға кезігіп отырғандығын айтпай кетуге болмайды.

Орман қоры жерін пайдалану ҚР «Орман кодексі» мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.11.2011 жылғы № 1268 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік орман қоры аумағында орманды жанама пайдалану қағидаларына» сәйкес реттеліп отырады. «Орман кодексінің» 44 бабының 4 тармағының 2

тармақшасымен орман қоры жерін пайдалану жөнінде шектеулер қойылған. Шектеуге байланысты белгіленген тапсырыс режимі бойынша «...басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге (ағаш кесудің өзге түрлері осы Кодексте айтылған жағдайларда ғана жүргізілуі мүмкін), шайыр мен ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға, шөп шабу мен мал жаюға тыйым салынған.

Осыған байланысты Орман қорына тиесілі Мойынқұм өңірінің жайылымын пайдалануға аудандағы орман және жануарлар әлемін қорғау мемлекеттік мекемесінен және Орман қорына тиесілі жайылымдық жерлерде құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елордамыздың жергілікті атқарушы органдарынан арнайы рұқсат алулары керек.

2012 жылдан бері облыстық мәслихат шешімімен белгіленген орман қоры жайылымын пайдалану тарифіне сәйкес орман қоры жайылымын пайдаланушы агроқұрылымдардан төлемақы алынып келеді.

2015 жылдың 9 желтоқсанындағы облыстық мәслихаттың №44/358-V, ОҚО мәслихаттың 13.09.2019 жылғы №42/437-VI шешімдерімен орман қоры жайылымдарын пайдаланудың төлемақы ставкалары 2012 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 9-14 есе, 2019 жылы 11-16 есе жоғары болып белгіленді. Бұл өз кезегінде аудандағы орман қоры жайылымын арнайы рұқсат негізінде пайдаланып отырған агроқұрылымдарға бірқатар қолайсыздықтар мен қиындықтар тудырып отыр.

Аудан шаруалары үшін қысқа қажетті мал азығы аудан аумағындағы егістік егуге қолайлы тәлімі жерлер мен суармалы жерлерде дайындалады. Аудандағы егістік егуге қолайлы жерлер бүгінгі таңда түгелдей дерлік шаруаларға ұзақ мерзімге жалға берілген.

Біздің бөлім аудандағы ауыл шаруашылығы өндірісімен айналысып отырған шаруаларға ауыл шаруашылығын дамытуды қолдауға мемлекет тарапынан бөлінген қаражатты нысаналы трансферттерді игеруге, мемлекет жеңілдіктерін пайдалануға жәрдемдесу шараларын іске асырады. Бұл орайда біз шаруаларды мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер жайлы үнемі хабардар етіп отырмыз.

Қысқы кезеңге қажетті мал азығын дайындау мәселесі де аудан әкімдігі мен ауыл шаруашылығы бөлімінің тұрақты бақылауына алынған. Былтырғы қысқы кезеңде орын алған кемшіліктерге биылғы қысқы кезеңде жол бермей қысқы кезеңді ұйымшылдықпен өткізу жөнінде ауданда бірқатар шаралар іске асырылды.

Аудан әкімінің 21.07.2021 жылғы №32 өкімімен «Созақ ауданы бойынша 2021-2022 жылғы мал қыстату науқанына қажетті мал азығын дайындау бағытында жедел шаралар қабылдау

үшін жұмысшы топ құрылып жұмыс жасады.

Агроқұрылымдар мен жеке тұлғалардан мал азығын дайындаумен айналысатын 40 арнайы жасақталған бригада құрылды.

Ерте көктемнен дайындалған мал азығының бағасын өсірмеу жөнінде жұмыстар жүргізілді. Аудандық газетте қажетті мал азығын дайындап 2021-2022 жылғы мал қыстату науқанын жоғарғы жауапкершілікпен өткізуге шақырған ауданның бір топ агроқұрылым басшылары мен еңбек ардагерлерінің аудан жұртшылығына үндеуі жарияланды.

Шу өзені суының аудан аумағына келіп жайылуын қамтамасыз ету жөнінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде өзен суы аудан аумағына келіп өзен арнасы бойындағы 33940 га шабындыққа жайылуы қамтамасыз етілді. Бұл шабындық жерлерден Шу, Тасты, Жуантөбе, Созақ, Қарақұр, Қаратау ауылдық округтарына қарасты елді мекен тұрғындары мен шаруаларға жеке меншігіндегі ауыл шаруашылығы малдары үшін қысқы мерзімге қажетті мал азығын дайындауға мүмкіндік жасалды.

Атқарылған осындай жұмыстардың нәтижесінде биылғы жылы облыс тарапынан мал азығын дайындау жөніндегі белгіленген 183500 тонна межелік тапсырма 191892 тонна болып артығымен орындалды. Шаруаларға мал қыстату орындарына дайындалған мал азығын жеткізу мен қандай да болмасын қысқы кезеңдегі төтенше жағдайға дайын болу жөнінде ескертілді.

Ауыл шаруашылығы малдарын қысқы кезеңге дайындаудағы басты шарттардың бірі оны малды қысқы кезеңге қоңды етіп түсіруге ерекше маңыз беру қажеттігі ескертілген. Жазғы және күзгі кезеңде мал жайылымдарында түнделетіп бағуға, қоңын көтеруге шаруа маңыз берген. Ол үшін мал жайылымдарын суландыруға Кеңес Үкіметі кезеңінде Бетпақ дала мен Мойынқұм өңірі жайылымын игеруге үлкен маңыз беріліп отырғандығын жақсы білеміз. 1991 жылдарда ауданда 1380 шахталы және құбырлы құдықтар мен өздігінен ағатын 220 артезиан скважиналары тіркеуде болған. Жалпы ауданда тіркеуге алынған 1800 ден астам шахталы және құбырлы құдықтар мен өздігінен ағатын артезиан скважиналары картаға түсірілгендігі жөнінде деректер бар. Міне осы қазылған құдықтар мен өздігінен ағатын скважиналар есебінен жазда Бетпақ дала жайылымын, қысқы кезеңде Мойынқұм жайылымын пайдалану есебінен ауданда шартты малға шаққанда 1-1,2 млн басқа дейін ұстауға мүмкіндік жасалған.

Сол сияқты аудандағы орман қоры жайылымдарын пайдаланудың төлемақы ставкаларын қайта қарау жөнінде облыстық мәслихатқа ұсыныс енгізу туралы біздің тарапымыздан 2016 жылдың 10 ақпанында облыс әкімінің орынбасарының атына № 1166, 2016 жылдың 24 тамызында облыс әкімінің орынбасары мен Оңтүстік Қазақстан облысы жер қатынастары басқармасының басшысының атына №7954, 2016 жылдың 31 тамызында облыстық мәслихатқа №8091 хаттар жолданған.

Алайда бұл мәселелер бүгінгі күнге дейін нақтылы шешімін тапқан жоқ.

Жалпы биылғы қысқы кезең шаруашылыққа қолайлы болып тұр. Төтенше жағдайлар орын алған жоқ!

Сонымен, ауданымыздың ауыл және мал шаруашылығына жауапты бөлім қызметкерінің мал қыстатуға қатысты берген мәліметі осындай болды. Қанат Құтжанұлының сөзіне сенсек, ауданымыздың мал шаруалары мал қыстатуға, былтырғы жылғыдай табиғат тосын мінез көрсетпесе, сақадай сай секілді. Ендеше, жаратқан мал шаруашылығымен айналысатын жерлестерімізге жар болып, қыстан қыспай шығарсын деп, тілейік ағайын!

Әңгімелескен:
Данияр БЕК.

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).**Күрең төбел**

Жасымда көкпарға қамар болдым. Өзен бойында, жазық жерде үлкен көкпар болып жатыр. Екі жақ тартысып, айнала шауып көкпардың қызығына әбден берілген. Көкпарды алғандар қиқуға басады. Сол көкпаршылардың арасынан күрең төбел мінген шабандозды көрдім. Астындағы аты жалпақ та емес, жіңішке де емес, бір келісті сұлу әрі жүйрік айғыр екен. Шетке шыға қашқанның адымын аштырмай жетіп алып келеді. Тоқтаусыз тартысып, дода ішінен көкпарды алып шығады. Шабандоз бен аттың бір-біріне деген сенімі ерекше. Мен де көкпарға араласып тартысып жүрмін. Астымдағы атым жүйрік. Бір кезде ауылдас ағалар келіп: «Ана күрең төбелді көрдің бе? Біз соны шаршатайық. Кешке қарай көкпарды алып қашып



жібереді. Басқа қолдан келер шара жоқ. Әжем мынадай оқиғаны есітеді. Сол шұбырғандардың ішінде ерлі-зайыпты жандар да бар екен. Жүруінен отыруы көптердің біреулері сүйретіліп келеді. Қолдарында жас балалары бар екен. Өздерінің жүруге шамалары келмей, аштық меңдеп барар жеріне жете алмастарына көздері жетеді. Күйеуінің айтқанына әйелі амалсыз көнеді. Жолдан жырақ шығып, тау жырасына кіріп, оңаша, жер іздейді. Ойларын іске асыру үшін баланы өлтіріп, етін жеп жансақтау керек болып тұр. Бұлай істемесек күн көріс жерге жете алмаймыз. Басқа амал жоқ. Әйел ерінің айтқанына көніп, баланы омырауына алып, жылап отырып: «Қарғам, ботам-ау, ақырғы рет бойымдағы бар ақ сүтімді берейін, ботам. Аман қалсақ сенің артыңнан тағы Құдай берер, әйтпесе үшеуіміз де өлеміз, аман қалудың әрекеті біздің, ботам. Бізде азық жоқ, сенде жазық жоқ, ботам! Періштем, күнәдан пәксің.

ЖАҚСЫ БІР АДАМ ҚАРТАЙСА...

ауылға апарып саламыз. Ешқайда кетпе. Саған көкпарды топтан шығарып береміз», деді. Мен көкпардан шеттеп атымды тың ұстадым. Бір уақытта «Көкпарды алып қашуға болады» деп жар салды. Екі жақ бірін-бірі жібермей тартысып, көкпар қым-қиғаш қыза түсті. Бір мезгілде көкпаршылар сайға түсіп кетті. Қай жағымнан шығар екен деп мен жалғыз өзім алақтап жүрмін. Арт жағымдағы төбені айналып үш жігіт маған қарай шауып келді. Жігіттер маған қабаттаса келіп көкпарды берді де «Біз аналардың жолын бөгей тұрайық. Артыңа қарама! Тарт ауылға!» деді. Көкпарды тақымға мықтап басып алып, «Шу, жануар, күрең жетіп алмасын, барыңды сал», деп ауылды бетке алып шаба жөнелдім. Артымнан қиқулап жаппай шауып келеді. Бір қарасам күрең басқаларынан оқ бойы озып шығып, менің артымнан қуып келеді екен. Мен атыма қамшы салып саулатып келемін. Артымдағы шабандоз да күреңді қамшылап сабалала келеді. Жетіп алса мені сабайтындай көрінді маған. Ауылға жетіп, көкпарды үлкен боз үйдің алдына тастадым да үйге қарай қаштым. Үйге келе сала бәрін атама айтып жатырмын. Атам күрең төбелге қызыққанымды түсініп, үнсіз ойлап отыр. Біраз уақыттан соң маған былай деді:

«Ол шабандоз – осы ауылдың баласы. Өзің сияқты көкпаршыл. Алған бәйгесін өзі қатарлы жандарға үлестіргіш жомарт жігіт. Сол күрең төбелдің арқасында аты шығып жүр. Өзі кедейлеу тұрады. Ер қанаты ат деген, ер жігіттің жалғыз атына қолқа салғанымыз жарамас, балам.

«Ол жігіттің тағы бір мінезі бар еді. Өтірік айта салады. Жұрттың біразы оның сөзіне сеніп қалып соңынан өкпелеп жүреді. Бірде саз үстінде жиналып әңгіме дүкен құрып отырған топ тарқар кезде әлгі жігіт: «Ой, есімнен шығып барады екен ғой. Ертең мына маңғытай ауылында келін түсіру тойы болады», деп сөзін бос белбеу етіп айтып кетіп қалады. Сол сөзге сенген үлкен бір көкеміз азанда жаяулатып жолға шығады. Кеңтастың асуымен шаршап-шалдығып маңғытай ауылына да жетеді. Ауыл маңындағы төбе басынан қараса ауыл тым-тырыс. Сонда барып бос сөзге алданғанын түсінеді. Ашуланып үйіне зорға жетеді. Ертеңіне атама келіп мән-жайды айтады:

«Сенің осы ауылдың болысы деген атың бар ғой. Ана тентектің өтірігін тыйсаңшы!

Бір күні сәске кезінде үйге келе жатқан аттылыны көрдім. Күрең төбелді шабандоз екен. «Ата, ата

күрең төбел мінген аға келе жатыр», деп қуанып кеттім. Атам естімеген сыңай танытып отыра берді. Анадайдан аттан түсіп, атын байлап, үйге жақындаған кезде дауыстап амандасты: «Ассалаумағалейкум, Жәке». Үйге кіріп, амандық-саулықтан соң сусын ішіп ұзақ әңгімелесті. Мен күрең төбелді айналышықтап жүрмін. Жануар маңғаз, маған көз салмады. Үйдегілер сыртқа шықты. Қоштасар тұста атам шабандоз ағайға қарап тұрып:

«Бір қалауым бар. Бере алсаң, бәрімізге жақсы болар, бере алмасаң жолың анау, жүре бер», - деді.

«Айта беріңіз, Жәке. Қолымда болса, ой елегіне салып көрейін», - деп шабандоз атына қарайлап түсі бозара бастады. Ойлана басып атына барды. Күреңтің жалынан сипап біраз тұрды. «Аман бол, досым, сенімді серігім Күрең төбелім», деп қоштасып тұрғандай көрінді маған. Атын жетектеп атамның қасына келді де амалсыз кейіппен шылбырды ұсынды. Атам «Менің қалауым бұл емес» дегендей басын шайқады. Жігіттің жүзі жадырап сала берді. Аң-таң күйде атама қарап:

«Жәке, енді не қалайсыз?
«Жалған сөйлеу-жаман әдет. Маған сол өтірік айтуыңды бер. Жұртты алдама.

«Жәке-ау, ол мінезім сүйегіммен бірге жаратылған. Қалай қоямын? - деді де атына мініп жүре берді. Сәл ұзаған соң, - Бұл мінезімді сізге бере алмаймын, бере алмаймын! Айып етпеңіз, Жәке! - деп дуыстады да шаба жөнелді.

**9 желтоқсан, 2019 жыл.
Көкөбе.****Құдалыққа бару**

Жігіт немесе қыз жағынан танысу құдалығына барады.

1.Бас құда. Құдалыққа бастап баратын қария үлкен кісі әңгімешіл, батағөй болады.

2.Бауыздау құда. Жасы үлкен құдаға жақын туыс.

3.Омыртқа құда. Әкесінің бауырлары, аға-інілері.

4.Қабырға құда. Нағашы жағынан барған құда.

5.Бел құда. Жігіттің не қыздың әкесі.

Құдалыққа барушылар саны жеті, тоғыз, он бір адамнан болуы көңілге сияды.

Қамшының шығуы

Қамшы әртүрлі өріммен өріледі. Өрме қамшының таспасын ешкі, киік терілерінен илеп таспа жасайды. Қамшы өрімдері 6 таспа, 12 таспа, 32 таспамен өріп қамшы жасаған.

Өгіз терісінен өрілген өзегіне қорғасын қыйып өрген, бұзау тіс қамшыны дайыр дейді екен. Қамшының сабы қызыл тобылғымен сапталады. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би өздеріне қарасты руларын білдіретін өрме қамшы жасаған.

Төле би. Төбей – 2 таспа, ойсыл – 2 таспа, үйсін – 2 таспа, інісі – 2 таспа, 8 өрім қамшы өрген.

Қазыбек би. Алты арысқа – 6 таспа қамшы өрген.

Әйтеке би. Байұлы 12 таспа, Әлімұлы жетіру 7 таспа, Шөмекей 10 таспа, 29 таспа қамшы өрген.

Үш би Абылайханға қамшы өрген. Ұлы жүз алты өрім таспа, орта жүз алты өрім таспа, кіші жүз жиырма тоғыз өрім таспа Абылайға 41 өрім дайыр қамшы өріп берген.

Жігіттің жеті түрі

1.Әуелгі жігіт арыстан несібесі алыстан;

2.Екінші жігіт данышпан хабар алар алыстан;

3.Үшінші жігіт ғалисан деген сол болады, тілінің қызығы мол болады;

4.Төртінші жігіт дүз жігіт;

5.Бесінші жігіт қыз жігіт;

6.Соңғы екі жігіт зорға туған бір жігіт, сорға туған бір жігіт деп аталады.

Арқар

Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама. Сол алапат аштық жылдары кім қай жерде дегеніне жете алмай, жол бойында көз жұмып, қала берген. Аштық жайлаған ақыр заман балапан басымен, тұрымтай тұсымен күн көріс қамымен тау асып, Түркістан жетсек жан қалар деген дәмемен халық қара жолмен шұбырып күн демей, түн демей өтіп жатады. Ауыл белсенділеріне Бәжі асуынан өткізбеңдер деген пәрмен келеді. Дүние мүлкін артқан бірлі жарым шағын көштерді тоқтатады. Босыған халықты да өткізбеуге тырысады. Адуын әйелдер дауласып: «Бізді осы жерде қырасындар ма, не қыласындар?! Бізге не істемекшісіңдер?! Біз тау асып күн көру үшін Түркістан асып жан сақтау үшін барамыз. Бұл жерде бізге не бересіңдер?! Ана жолда қалып өлгендерге кім жауап береді?! Үкіметің қайда?! Халықты қырғаннан басқа қолыңан не келеді?! Біз өмір сүру үшін жан таласып жүрміз! Жолымызды бөгемеңдер!» деп дауласып бой бермей, көлігі барлар белден асып кетеді. Жаяулар жолдың шығыс жағындағы төбені айналып, мың шұңқырға түсіп ары қарай шұбыра жөнеледі. Белсенділер халықты тоқтату ебестігін түсініп түнде өткізіп

Әке-шешенді кешіретіңіз!..»-деп ботадай боздап, жылап отырып ақырғы сүтін емізіп болып күйеуіне береді. «Мен ботамның өлгенін көрмей-ақ қояйын. Ұйықтасын, сонан соң әрекет етерсің», - деп әйелі алға қарай кете береді. Әкесі баланы алып отырып қалады. Не істеу керек. Бауыр еті баласын өлімге қимай қиналып көп отырады. Я, Аллаһ, Рахымыңы бере көрші. Сенің алдыңда үлкен күнә істегелі отырмын. Амалым жоқтықтан. Я, Аллаһ, күнәмізді өзің кешіре гөр. Жаратушымын, - деп жалына, жалбарына енді ыңғайлана бергенде әйелінің шырылдаған дауысын естіп, бөгеліп қалады. «Балама тиіспе, ботама тимеші, Құдай тілеуімізді берді», - деп өзі жүгіргенсіп ентігіп келеді екен. Жылауға шамасы жоқ. «Ана жақта» деп қолын артқа қарай сілтей береді. Айта алмай келеді. Келе баланы бауырына басып, тірі екенсің ғой жарымын, қуатым деп отыра кетеді. Күйеуінің бойына бір үміт оты тұтанғандай болады.

«Ана жақта екі арқар мүйіздерімен бір-біріне байланып қалыпты. Соған бар», - дейді.

«Я, Аллаһ, жақсылығыңды бере гөр», - деп, солай жөнеледі.

Келсе екі құлжа мүйіздерімен бір-біріне байланып қалыпты. Ажыраса алмай бірін-бірі тартып тұр екен. Әлгі еркек келе екеуінің тірсектерін қиып, сол күйінше екеуінде бауыздап құлатады.

«Я, Аллаһ, шапағатыңнан айналайын! Өлмегенге өлі балық жолығады демекші, баламызға назарың түсіп, аман алып қалдың. Жаратушымын, құлдың үлкен күнәдан аман алып қалдың. Баламның көрер жарығы бар екен!..»-деп Алланың рахымы түсіп, ажалсызға септігі тиген Аллаға шексіз алғыс ризашылығын білдіреді. Осылайша ала ажалдан аман қалады.

Осы әңгімені естіген әжем: «Аллаға жалбарынып тәубе ету керек! Мына заман не болып барады, Құдайым-ау?! Өз етін өзі жегені несі, Құдайым, мына қасіретінді тоқтатышы, өз пенделеріңе мұндай қасіретті көрсетпеші!»-деп тебіреніп, «бұл қасірет қой, қасірет!» - деп жылап, отырады екен. Аштық не жегізбейді? Аш адам, тасбақа жеді. Жаужұмыр жеді. Шала пісіріп, уланып өлді. Ашаршылық не істетпеді? Сталин мен Голощекиннің мәдени революциясы қазақ халқына осындай қырғын алып келді емес пе? «Асыра сітеу болмасы, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен қазақ халқы өзмізден шаш алдесе бас алатын белсенді сымақтардың кесірінен малынан айырылған соң арты осындай қырғынға ұшыраған замандар болды.

Біздің ел бастан көшірді. Басқа халықтарда да болған шығар, дегенмен дәл біздің елдей үй жайын тастап босыған жоқ шығар.

Қаншамасы босып жүріп жанға, нанға жете алмай қырылып кетті десеңізші. Бұл заман, алмағайып заман болды емес пе? О заман, не деген тар заман. Халық үшін баз кешкен не бір арыстарымыз жазықсыз «Халық жауы» деген сылтаумен атылды, жер аударды, соттады. Солақай заңды заман. Енді қайтып келмесін, ендігі ұрпақ мұндай заманды көрмесін, я, Құдайым, өзіңнен жақсылық, амандық тілеймін.

Кентау. 09.08.2019 жыл

Қауын

Жайма шуақ күзгі мезгіл. Қораның төбесін жабуға көкем екеуміз салатын паруаздарды шапа-шотпен шапқылап жатқанбыз. Жол жақтан, ақсай басып, Мәлке көке келді. Қасымызға келіп, «Ассалаумаалейкум, Дәке» деп сәлемдесті. «Уағайкумассалам, Мәке» деп екеуі қол алысып, саулық сұрасып жатыр. Мал жаның аман ба деп хал сұрасып, қауқылдасып: «Иә, жол болсын, қайдан жорытып келесің? Қош келдің! Әңгіме айт,- деп қолқа салып жатыр. Екеуі ауырлық үстіне жайғасып отырды.

-Не айтам, әңгімені бастау қиын, оны аяқсыз тастау тағы қиын ғой, - деп Мәкең ойлана отырып, - әңгіме демекші ілгеріде мәшинемен Бетбаққа қой қыркуға баратын болып, Сызған ауылынан өзімізде біраз адам көлікке міндік. Жайғасқан соң ал әңгімеден болсын, жол ысқарсын деп Сызғандық екі қу әңгімені бастап берсін, екеуі кезек-кезек айтып соғып келеді. Басқаларға кезек беретін емес. Мен де шыдай алмай екеуінің арасынан килігіп, әңгімеді сырғытып айтып келемін. Күн кешігіп келе жатыр. Бір уақытта сандалдым да қалдым. Әңгімеден таусылып қалыпты. Не айтарымды білмей әрдеңкені бір айтып, сандырақтасам бола ма. Әлгі екі қу ертеңіне кешке дейін айтпасы бар ма. Әңгімені қайдан тауып жатқаның қайдам?

-Әлгі қулар бір әңгімені аяқтан соңынан қарай айтатын шығар немесе бір әңгімені екі үшке бөліп араластырып айтатын шығар,-дейді көкем.

-Әй білмеймін, сөйтсе сөйткен шығар ол қулар, шылы жалпысын екен, - деп қояды. - Ал, жол болсын, қайда шықтың? Беталысың қалай, ұзақ па? - дейді көкем.

-Жоқ ұзақ емес ауыл арасы ғой, қауын пісе бастады ғой. Қауын екендерге жолығайын деп шыққан едім.

-Несін сұрайсың, ұрламайсың ба? -Ой, Дәке, ол дәуір өтіп кетті ғой, ендігіміз бойымызға жараса қоймас. Көкем қозғалып қойып:

-Қауын демекші, жас күнімізде Балықшыға бір көкеміз қауын егіпті. Шәлбек досым келіп қауын пісіп қалды, ұрлыққа барайық демесі бар ма? «Қайда, ұзақта ма?» десем, «Жоқ жақын, Балықшыда қауын бар. Ұрлауға ұрмтал жерлері бар. Бәрін көріп келдім,» деді досым. Жолға шықтық. Күн тал түс, ыстық. Балықшыға келдік. Түйесіңіз тобылғыларды паналап, тоңқаңдап келеміз. Қауынға да жеттік. Мойынымызды созып, жан-жаққа қарап қоямыз. Ешкім көрінбейді. Пәлекті аралап жүріп, осы піскен-ау деп үлкен біреуін үзіп алып, былай шығып жейік десек, пышағымыз жоқ. Пышақ іздеп шартқаққа шықтық. Пышақ бар екен. Дереву қауынды тіліктен сойып, апыл-ғұпыл, шала-шарпы жеп бола бергенімізде көкеміз көріп қойды. Дар дауысымен ақырып, айқайды салып жүгіріп келе жатыр. Шартақтан секіре-мекіре қашып кеп берді. Көкеміз қуып бермесі бар ма! Ақсайды өрлей қашып келеміз. Ырсылдап, әлгі көкеміз соңымыздан қалатын емес. «Осыдан ұстап алайын жандарыңды көздеріңе көрсетемін», деп қуып келеді. «Мұндай болса қауыны құрысын!» деп арсылдап қашып келеміз. Бізді Ақсайдың

басына дейін қуып тастап, көкеміз кейін қайтып кеткені ғой. Біз аһылап, үйілеп, еңтіге демалып отырмыз. «Қауын жегізбей зәр жегізді ау, мына шал!» - деп оған ашуланып ұрысып келеміз. Кезден асып, үйге зорға жеттік. Әжем қарап жүр екен: -Сендерге не болды? Бас жақтан келе жатсыңдар ғой.

-Балықшыдағы көкеден бір қауын ұрлап едік. Егесі көріп қойып, Ақсайдың басына дейін құмасы бар ма!? Өлтіріп қоя жаздады,-деп өкпелеп отырмыз.

-Ә, әлгі сірке бас па!? Үйге келсін, мен оның жанын шығарайын, - деп қояды әжем.

-Иә, иә, сөйтіңіз, оңдырмаңыз,- деп қоямыз.

-Оған көрімді көрсетемін, үйге жүріңдер, әбден шаршапсыңдар, сусын ішіндер,- деп сусын берді.

Біраз дем алып, Шәлбек досым ауылына қайтып кетті. Арада оншақты күн өтер-өтпес әлгі сіркебас көкеміз келе қалмасы бар ма?! Әжем амандасып бола сала сіркебасына дүрсе қоя берді:

-О жаның шыққыр, немене «көкшебайлық үш айлық, үш айдан соң шошайдық» демекші балалар бір түйнегінді алған екен. Соншама қуып, ырысыңды алып кеткен жоқ шығар, о, жаның шыққыр. Балалардың сонша өкпесін өшіріп! Балаларды қуғанда көрсетейін мен саған! - деп жағадан алып жұлмалап жатыр. Мен тобылғы түбінде көріп отырмын:

-Е, айналайын, әжем-ай, сіркебасты өлтірші, - деп қоямын ырза болып. Әлгі сірке бас көкем ақталып ағынан жарылып жатыр:

-О, айналайын, Құндыз-ау, олардың тоңқаңдап жеп жатқанын көрдім. Е біреуін алар да жөндеріне кетер деп назар аудармай жұмысымды істей бердім ғой. Бір уақытта шартқаққа көзім түсіп кетті. Сөйтсем әлгі екі бала шартқаққа шығып, қауынымды жеп отыр. Ашуланып, осылай соңынан қуғаным бар, Құндыз-ау! Өзі маған барса да боларды ғой, ұрламайақ. Бір-екі қауын берем ғой!

Мен отырмын айызым қанып, рахаттанып. Содан бері қауын ұрлаудың алды да арты да осы болды, - деп әңгімесін аяқтады көкем.

09.08.2019 жыл. Кентау.

Бейбіт жылдар

Мен оншақты күнге жұмыс жайыммен кетпекші болып, көкеме айтып, қоштасып шығып кеттім. Ол жаққа жүрер көлік болмай, күн батып қас қарайғанша отырдым. Көліктен күдер үзіп, үйді-үйімізге қайттық. Салпақтап Созақтан үйге зорға жеттім. Ауыл жатып қалған, жым-жырт. Есікті қақтым, көкем келіп ашты. Маған бақырая қарап қалыпты. Таңымай тұрғанын білдім де, қисаңдап жанынан өтіп, көкемің төсегіне құлай кеттім. Көкем:«Әй-әй кімсің?» - деп әлі абдырап тұр. Апам күліп жатыр. Сыртқа шығып кетті. Артынан мен де шығып, есіктен қарап тұрмын, не істер екен деп. Шарбаққа барып, Шәке деп дауыстап, досын шақырып жатыр. «Әй, Шәке, шық бері, үйге бір мас кіріп кетті! Мен шығара алмаймын». Үйге жалтақ жалтақ қарап не істерін білмей тұр-ау деп ойладым. Досын асықтырып «Әй, болсайшы, неге шыға алмай жатсың»,-деп үйге келдік. Апам болса әлі маз. Көкем сен қайтып келеді деген ойымда жоқ, қаяқтың маңы келіп қалды деп жүрмін ғой деді. Ертеңіне сәскелер шамасында досы келді. Қасында үш-төрт ауыл қариясы бар. Сәлемдесіп, қауқылдасып жатыр. Досы молданың етін жейлік деп келдік дейді. Келіндер, төреліңдер деп отырғызып жатыр. Көкем:

Менің етіме тісің өтпейді ғой, Шәке-ау», -деп қалжыңдасып жатыр. Ал, молдеке, біраз пра ойнайын деп келдік. Төртеуі пра ойнап жатыр. Ойнамағандары әңгіме айтып, бірін-бірі қажап, әзілдесіп отыр. Көкемің досы: «Молдеке, түнде жау тигендей неге шапқылап жүрсің, ұйқымынан ояттың. Мен шала бүлініп шоқпар іздеп жүрмін. Бір уақытта жата бер дедің. Соның мәнін түсіндірші. Не жағдай?!». Көкем түндегі оқиғаны айтып берді. Бәрі күліп жатыр. «Кейінгі кезде батыр болып барасың-ау. Қауіптенсең шоқпарыңды қойныңа тығып жатсаңшы. Ұйқың тыныш болады»,- деп күлді. Ойынды біраз ойнады. Ұтылғандарға «ойнағандарың пра, ұтылдың артың тра-тра» деп мазақтап жатыр. Шәй ішіп отырып әңгіме, соғыс жайлы айтыла бастады. Көкем қалай жараланғанын айтып берді. «Шынында Құдай қаққан екен, дәл жанына түсіп жарылса да аман қалған, көрер жарығың бар екен. Көп жасайсың, молдеке»,-деп қоштап қояды досы. Әңгіме десе қызып кететін Мәлке көке бастап берді:

- Әй, осы қорыққаннан үріккен жан-ау. Адамның есі шығып кетеді-ау деймін. Соғыста жүрген кезім, жан алып жан береді екенсің. Бұйрық орындалу керек. Бір деревняны алып, бекініс жасап жатқаныз. Бір уақытта зеңбірекпен атқылай бастады. Үйлер өртеніп, аламан тартыс шаң топырақ аспанға ұшып жатыр, ол басылған соң соңында сол даттары бар танка келе жатыр, атқылап келеді. Бет алыстары жаман. Біз оларға шыдас бере алмайтынмызды білдік. Бар қарумен атқылап жатырмыз. Бізді тықсырып келеді. Үрейлене бастадық. Тіріміз артқа қарай шегіне бердік. Болмаған соң алды-артымызға қарамай қаштық. Қашып келеміз. Әр жерді паналап немістер барынша атқылап, өнтелеп келеді. Мен де барымды салып қашып келемін. Қайтсем жаным қалады деп, жан-жағым алақтай қарап келемін. Көзіме бізден қашықтау жерде бір топ ағаш көрінді. Неде болса, бағымнан деп жалғыз өзім солай қарай қаштым. Сонда білдім, қорыққаннан үріккен жан екенін сол ағашқа лезде жетіп бардым. Тоқтап дем алайын десем демала алмаймын. Қысқа ғана дем аламын деп жетпей өлем ба деп, тағы қорықтым. Әзер дегенде ес жинап келген жағым қараймын. Немістер сол бетімен өтіп кетіпті. Бағанағы қашқандар тегіс қырылды ма ол жағын білмедім. Жалғыз өзім қалыппын. Тірі қалғандары, жан сауғалап мен сияқты бір жерде жатқан шығар деп ойлаймын. Бірде жараланып, госпитальға жаттым. Үлкен қала екен. Немістер қалаға шабуыл жасап жатыр-ау деймін. Біз жаққа да снаряд түсіп жарылып жатыр. Бір уақытта госпиталь абыр-сабыр болып қалды. Не болып қалды екен деп есіктен сығалап, қарадым. Мылтық ұстап ата алатындарды жинап алып жатырау деймін. Сақал-шаштарын сыпырып алып, киіндіріп, қолына қару ұстатып, соғысқа айдап әкетіп жатыр екен. Орныма келіп жата кеттім. Біраз жатқан соң бір дауыс шықты. Мына тесіктен далаға шық дейді. Жаныма адам кіріп шығатын тесік бар тұғын. Бір өзім көйлек дамбалмен жатқам. Жаңағы тесіктен далаға шықтым. Шықсам, аласапыран жүгіріп жүрген солдаттар топ-тобымен кетіп жатыр. Мен состиып бір орнымда тұрмын. Бір офицер келіп бетіме қарап тұрып, қолымнан жетелеп, әжетханаға кіргізіп, сыртынан іліп, өзі кетіп қалды. Біраз уақыттан кейін біреу келіп, есікті ашып кіріп келді. Мен сыртқа шығып, әлгі төсегіме жата кеттім. Сөйтіп бір ажалдан қалдым-ау! - деп Мәлке көке әңгімесін жалғай түсті, - Айтпақшы, Ақжан да жараланып кепті ғой. Аяғынан жараланған көрінеді маған өзі айтқан. Ақан соғыста жүріп бір күні қоршауда қалыпты. Шығатын жол таппай, сай саланы ағаш арасынан сығаланып жасырынып, көзге түспеуге тырысып жүріпті. Командирі: «Ешқандай дыбыс шы-

фармаңдар!»-деп бұйырды. Түн болды. Бәрі ағаш арасында тырп етпей жатыр. Бір сағаттан кезектесе қарауылдайды. Ақанның да кезегі келіп, ағашқа сүйеніп, ұйқысырап түрегеп тұрады. Бір кезде біреудің бетіне үңіле қарап тұрғанын байқайды. Қолында пистолеті бар неміс екен. Ол кез жас кезі ғой, қолының қаруы бар. Бір қолымен кеңірдегінен алып, бар күшімен қатты қысып, екінші қолымен пистолет ұстаған қолын ұстайды. Атуға мұршасын келтірмеді. Неміс әлсіреп шөгеді. Ақан қасында ұйықтап жатқан біреуін теуіп оятады. Шөккен немістің қолы, аяғының үстін тіреледі. Сол кезде пистолет атылды. Осылайша аяғынан жараланған. Немісті тұншықтырып өлтірген. Командирден алғыс алып, өзі бір ажалдан қалған екен, - деп Мәлке көке Ақжаннан естігенін баяндады. Біраз отырып меймандар үйді-үйіне тарады.

22.09.2001 жыл Көктөбе.

Әкем

Е, шырақтарым, не бір зұлмат замандарды көрдік. Құдайдың қаһарына ұшырап, жер бетін індет, топансу алмаса, ендігі заман жақсы заман болады деп сенемін. Біздің қиыншылық заманымыз келмеске кетсін, балалар. Әр кезде Аллаға сиынып, шүкіршілік қылып жүрген жақсы болады. Алланың берген мейірім шапағаты өзінің сүйген құлына түседі. Ата-баба аруақтары қолдап, желеп, жебеп жүреді. Әркез сиынып жүргендерің мақұл болады. Естен шығармай жүріңдер, аруақтар әркез қолдай жүреді. Жаманшылық көрмейсіңдер. Алланың адамға берген ырзығы бар. Сол ырзық таусылмай дүниеден өтпесің. Аллаға шүкіршілік ету ырзық-несібеңді арттыра түседі. «Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады», адал еңбек ет, ащы теріңді төгіп тапқан ырзығың берекелі болады,-деп отыратын көкем.

Бала тәрбиесі

Иә, балам сен перзент көрсен оған жақсы есім беру өкенең алдындағы бірінші парыз болар. Балаңды ақылды, мейірімді болу үшін анасымен бірлесіп тәрбие беру, есейе келе балаңды өнерге, кәсіпке баулағаның жөн болар. Өзің қандай іспен айналыссаң, балаңды сол іске баулы. Сол өнерлерді үйренсе өзі талпынып басқа өнерді өз ізденіп игеруге құлшынады, бір өнерді ұнатып сонымен айналысады, бұл жақсы тәрбие болғаны. Балаң өз бойыңдағы бар өнерді үйретсең аталық парызыңды өтегенің, оған мейір-шапағат жаса, адалдықты ту етіп өссе, түрлі бәле-жаладан аман болар қиыншылық кезде үйренгені өнер білімі өз өміріне күн көруіне жарайды. Балаң әдепсіздік жасаса, оған ашулансаң қол көтерімей ақылыңды сал ортаға. Бала көңілінде саған деген кек, ыза қалмасын, бірақ бала кезінде өзіңді айбатты көрсет. Сөзіңді аяқ асты өтпесін, әр уақытта бала сенен сескеніп жүретін болсын. Бала сенен әр нәрсе сұраса қолын қайтарма, шамаң жеткенше бер. Балаң әдет-ғұрыпты үйретуді өзіңе мирас борышым деп түсін. Бала есейген сайын мінез құлық өзгере бастайды. Кәмілетке жеткен соң барлық жамандық жақсылықты жүзеге асыруға жарыса бастайды.

Сен әдеп пен ғұрыпты бойыңа сіңіріп, болашаққа мирас етіп қалдыра білсең, аталық парыз міндетің өтелгені. Балаң игілік үйретсең саған да пайдасы тиеді. Ер жеткен балаңды үйлендіргің, бойжеткен қызыңды ұзатқың келсе жекежат болар жұртты өзіңе жақын туыстан іздеме. Олар сүйегің, қаның болады, келінді басқа рудан алғаның жөн.

**Сейтжан ДӘНЕҰЛЫ.
(Жалғасы бар).**

ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ: қарым-қатынас мәселелері

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әралуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Жоғарыда айтқанымыздай, халықсыз билік болмайды, ал – дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескерілік. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңде дін атаулының мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру құдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсері өте анық көрініс берді.

Еліміздің Конституциясына сәйкес азаматтарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Конституцияның осы қағидалары дін саласын реттейтін қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 3-бабының 1-тармағында мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігімен айқын көрсетілген.

Латын тіліндегі «laicus» («лаицизм»), «saecularis» («секуляризация») сөздерінен бастау алатын «зайырлылық» ұғымы саясаттың діннен азат етілуі деген мағынада діни сенімдер мен көзқарастары әртүрлі азаматтардың бір мемлекеттің ішінде өмір сүруін және дінді мемлекеттен бөлу идеясының жүзеге асырылуын білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі заманғы зайырлылық түсінігін адамның ар-ұжданы мен наным-сенім бостандығын еркін жүзеге асыруды қамтитын гуманистік құндылықтар деуге болады. Демек, зайырлылықты әр адамның діни еркіндігі мен ой-санасының көптірлілігін мойындау, ал зайырлы мемлекетті осы саладағы қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету деген сөз. Зайырлылық ұғымына «барлық культтерге бейтарап қарайтын, діни басшылықтан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамадан азат болып табылатын мемлекеттің белгісі» ретінде анықтама бергенде француз философы Эмиль Литтре осыны меңзесе керек.

Діннің мемлекеттен бөлектігі мемлекеттің дін істеріне араласудан бас тартуына тұғырланады. Мемлекетте барлық діндер тең құқылы және олардың бәріне бірдей талаптар қойылады. Мемлекеттік органдар заң бұзылмаған жағдайда діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпайды, өз кезегінде, діни бірлестіктер мемлекеттік қызметтерді атқармайды. Конфессиялық ерекшеліктер мемлекет тарапынан көмек немесе қолдау көрсетуге негіз болып табылмайды.

Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметін заң шеңберінде реттеп отыратындықтан, ол дін субъектілерінен заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін заң шеңберінде жүзеге асыруын талап етеді. Мемлекет пен қоғам үшін діни алауыздық пен тағатсыздықтың өршуі қаншалықты қауіпті болса, заңдардың, адам құқықтары мен бостандықтарының аяққа басылуы да соншалықты қауіп туғызады. Бірінші жағдай діни фанатизмді туындатса, екінші жағдайда құқықтық нигилизм өріс алады. Зайырлылық ұғымы өзара ынтымақтастық пен түсіністікке, ал зайырлы мемлекет ұғымы заңдылық пен құқыққа негізделгенде ғана мемлекеттілік пен ұлттық қауіпсіздіктің берік тұғыры қаланады.

Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дін саласында ашық әрі айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді. Яғни зайырлылықты атеизм, дінсіздік немесе дінді терістеушілік деп емес, мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидалармен басқарылуы деп түсіну қажет. Демек, зайырлы мемлекет діни сенім бостандығын құқықтық қамтамасыз етілетіндігімен құнды. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңының 3-бабының 5-тармағында «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп атап көрсетілген. Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарастарына тәуелсіз экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында өзара тең. Азаматтарды дінге көзқарасына шектеу немесе ұстанатын дініне қарай қандай да бір артықшылықтар беру, азаматтардың діни сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан заң алдында бірдей жауапты. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ. Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі. Өз кезегінде діни сенім бостандығының сақталуын бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының атқарушы билік органдары, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары ел заңнамаларында белгіленген өз құзыреттеріне сәйкес жүзеге асырады.

Қоғамның тұрақтылық сипаты мен деңгейі және оның саяси жүйесі құндылық билігін қабылдау мен үйренуге негізделеді. Егер қоғам олардан бас тартса, онда қоғамның саяси жүйесі тұрақсызданады. Сондықтан саяси тұрақтылықтың бірі – діни толеранттылық. Плюрализм, азаматтық қоғам, ар-ождан еркіндігі, ғибадат еркіндігі, төзімділік – кемелденген демократияның негізгі атрибуттары. Демократиялық қоғамдағы мемлекет пен діннің қарым-қатынасы принциптері әр адамның құлшылық ету еркіндік құқығы мен оларға құрметпен қарауға міндеттеледі. Төзімшілдіксіз, дінге еріктіліксіз демократия ғана емес, қоғамның өркениетті азаматы да бола алмайды. Мемлекет пен дін қарым-қатынасы туралы мәселе күрделі әрі жан-жақты. Адамзаттың барлық саяси тарихы, біріншіден, дін мен мемлекет арасындағы билік үшін күрес ретінде көрінсе, екінші жағынан, мемлекет пен дін арасындағы өзара тиімділік ынтымақтастығымен көрінеді. Адамзат өркениеті тарихында түрлі мемлекеттік билікті қажет ететін одақтастықтар бар.

Қорыта айтқанда, дін мен мемлекет байланыстары адам құқықтарын, соның ішінде ар-ождан бостандығы мен діни сенім еркіндігін құрметтеу және қорғау аясындағы мемлекет пен діннің өзара ықпалдасуы деуге болады. Демек біздің қоғамымыз үшін адамның діни сенімі мен құқығын қорғауға және сақтауға жауап бере алатын дін мен мемлекет қарым-қатынасын нығайтуға оң ықпал ету басты міндет болып табылады.

М.САЛИХОДЖАЕВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Жетісай ауданындағы дінтанушы маманы.

Бүгінгі таңда эпидемиологиялық жағдай бойынша Созақ ауданында жағдай тұрақты. Бұл туралы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Хасен Оспанов «Аудан бойынша ақпан айының 3 жұлдызынан коронавирус инфекциясын жұқтырған азаматтар тіркелген жоқ», - деп



АУДАНДА ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

мәлімдеді.

Коронавирус инфекциясын жұқтыру соңғы екі аптада-27 жағдайға төмендеген. Ауданымызда жыл басынан коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 139 жағдайға жетті. Аудан аумағында 11 екепке қабылдау бекеті жұмыс істейді. Халықты коронавирусқа қарсы вакцинациялау басталғаннан бүгінгі күнге дейін, COVID-19 инфекциясына қарсы екеп алуға жататын өңір тұрғындарының 30 102-ы I-компонентті салдырды, ал II-компонентті алғандар саны 30 102 құрады. II-компонентті салдырған азаматтарға арада 6 ай өткенде ревакцинациялану ұсынылған.

Ауданымыздың 3968 тұрғыны ревакцинациялаудан өтті. Олардың ішінде 1000-Спутник V, 1692-

QazVac, 676-Sinopharm, 600-Спутник лайт вакцинасын салдырды. Ал 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жүкті және лактация (емізулі) кезеңіндегі аналар, жасы 60 тан асқан азаматтар жалпы 5154 тұрғын «Pfizer» вакцинасының I-компонентін алды. II-компонентті де салдырғандар- 4116.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы эпидемиологиялық ахуалды бұдан әрі тұрақтандыру үшін тұрғындарды маскалық режим, антисептикпен залалсыздандыру, әлеуметтік ара-қашықтықты сақтауға, Covid-19 қарсы иммунитетті нығайту үшін ревакцинациялаудан өтуге шақырады.

ТҮНГІ РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ



Созақ аудандық прокуратурасы, Созақ ауданының полиция бөлімі мен Созақ аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі және «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нен құрылған мобильді топ 4-6 ақпан аралығында кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің еңбекке заңсыз тартылмауы және түнгі мезгілде қоғамдық орындарда, ойынханаларда, кафелерде жүрмеуін қамтамасыз ету мақсатында түнгі рейд жұмыстары жүргізді. Рейд жұмыстары барысында ойынханаларда кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер анықталып, Созақ аудандық полиция бөліміне жеткізіліп, ата-аналарына ескерту жасалды.

Құрметті ата-аналар түнгі сағат 22:00-ден кейін кәмелеттік жасқа толмаған балаларыңыздың үйде болуын қадағалауларыңызды сұраймыз.

КІШІ ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ



Тасты ауылының 1989 жылғылардың ұйымдастыруымен Тасты ауылдық округінде кіші футболдан жарыс болып өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орын «Жас түлектер», 2-орын «1993 жылғылар», 3-орын «2003, жылғылар» 4-орын «Абай жастары» командалары алып арнайы дипломдармен және ақшалай

сыйлықтармен марапатталды.

Жарыстың басты мақсаты ауыл жастары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың спорттық шеберлігін арттыру және нығайту, кіші футболды жастар арасында дамыту.

«Созақ үні» - ақпарат.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана

Қоғамдық сананың әртүрлі нысандары бар, олардың көмегімен адамдар оларды қоршаған табиғатты, қоғам мен өздерін сезінеді. Моральдық (адамгершілік) саяси, құқықтық, эстетикалық, діни сана болып бөлінеді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратты сіңіреді, әртүрлі оқу пәндерінде зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қоғамдық сананың өзге де нысандарымен тікелей өзара байланыста болады және қоғамдық санаға тән барлық қасиеттер және сипаттамаларды меңгереді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана – бұл адамдардың сыбайлас жемқорлыққа әлеуметтік зұлымдық ретіндегі қатынасын білдіретін ұғымдар, теориялар, түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың жиынтығы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана адамгершілік және адамгершілікке жат қылықты, құқықтық және құқықтық емес, заңды және заңсыздықтың шегін көрсетіп береді. Ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін моральдық-адамгершілік, идеологиялық, құқықтық шараларды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі».

Б.ЖАППАРҚҰЛОВ,
Сызған ауылдық округі әкімі аппаратының
бас маман заңгері.

Хабарландыру

Қыземшек кентінде 14.02.2022 жылы сағат 11:00 де кент әкімі аппаратында жергілікті қоғамдастық жиыны өткізіледі. Қоғамдастық жиында талқыланатын мәселелер:

1.Қыземшек кенті әкімшілік шекарасына Тасты ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 99,67 гектар және Тайқоңыр елді мекенінің әкімшілік шекарасына Қаратау ауылдық округінің әкімшілік шекарасынан 53,02 гектарға жерлерін қосу жолымен Қыземшек кенті әкімшілік шекарасын 23267,80 гектарға өзгеріс енгізу бойынша;

2.Қыземшек кентінің атауын өзгерту бойынша;

3.Қыземшек кентінің учаскелік полиция инспекторларының 2021 жылға атқарылған жұмыстары бойынша есебін тыңдау.

Созақ ауданының Қыземшек кенті әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі.

Сенім телефоны

Созақ ауданының «Сызған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптары бұзылған жағдайда Созақ ауданының Сызған ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің 872-546-39-245 сенім телефонына хабарласуға болады.

«Сызған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жарамсыз деп танылсын

Утегенова Актоты Абатовнаның иелігіндегі «Газель» маркалы автокөлігінің «А 803 UUN» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Пейіштен орын берсін жасаған

Тасты ауылының тұрғыны, асыл ана, ардақты жан, аяулы әже **Жәгібаева Гүлбахила** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Ажал сені алып кетті ортадан, Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан. Жатқан жерің жайлы болсын жан ана, Пейіштен орын берсін жасаған, - дей келіп, анамыз Гүлбахила Жәгібаеваның рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас-20 ақпан күні (19 ақпан-қонақ асы) Шолаққорған ауылы, Аймұрзаев көшесі №2 үй, өз шаңырағында беріледі. (Карантин талаптарын сақтай отырып).

Асқа шақырушылар: Ұлы - Өскенбай, келіні - Раушан және ұл-қыздары.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгілеп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу

іс-қимыл туралы сұрақтарына қатысты 20.05.2019 жылы өткізген кеңейтілген жиналыс барысында қарамағындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін ерекше атап өткені барша-мызға мәлім. Сондықтан осы кеңейтілген мәжілісте көтерілген өзекті мәселені түпкілікті шешу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді

тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке көп болып, ат салысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық

Қоғам дертімен күресу-баршамыздың міндетіміз

және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлық қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы

алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдету тәсілі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып,

сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі - ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Мемлекетіміздің кез-келген азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндетті деп санайды. Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз.

Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

Т.АСҚАРБЕКОВ,
Созақ аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі басшысы.

Туберкулездің алдын алыңыз!

Туберкулез - жхқпалы, өте кең таралған ауру, ұзақ уақыт емдеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда туберкулезді медицина ғылымының жетістіктерінің арқасында емдеуге болады. Бірақ, туберкулез жойылмайды, сонымен қатар, жаңа штаммдардың пайда болуына байланысты (яғни, ескі микробтың жаңа түрлері) қайтадан қауіпті және әлеуметтік маңызды ауруға айналды.

Адамның жасы неғұрлым үлкен болса, оның туберкулезбен ауырып қалу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Профилактикалық іс-шаралар және халықтың алдын алу шаралары туралы хабардар болуы сырқаттанушылық санын орта есеппен 2 есеге төмендетуге көмектеседі.

Барлық алдын алу шаралары туберкулездің таралуын болдырмау үшін инфекцияны немесе ауруды дер кезінде анықтауға бағытталған. Тегін жүргізілетін туберкулезге қарсы алдын алу шаралары:

- ағзаға туберкулездің әлсіреген микробактерияларын енгізу әдісіне негізделген БЦЖ вакцинациясын немесе ревакцинациясын жүргізу арқылы иммунитетті көтеру;

-туберкулезді флюорографиялық зерттеу және Манту реакциясы әдісімен ерте анықтау.

Адамдар, өз кезегінде, келесі ережелерді сақтауы керек:

-жылына кемінде бір рет тұрақты флюорографиялық тексеруден өту;

-медициналық қызметкердің ұсынысы бойынша баланы туберкулезге қарсы уақтылы вакцинациялауды және ревакцинациялауды қамтамасыз ету;

- дұрыс тамақтану және тұрақты физикалық белсенділікпен салауатты өмір салтын ұстану;

- дәрумендермен және микроэлементтерге бай құнарлы азық-түлік өнімдерін тұтыну;

- жеке гигиена ережелерін, тұрғын үй мен жұмыс орнының тазалығын сақтауды ұмытпау;

-темекі шегуді және алкогольді ішімдіктерді ішуді доғару. Кез-келген жағымсыз тәуелділік иммундық жүйені әлсіретеді және ауруға шалдығу қаупін арттырады;

-ағзаңызда туберкулез ауруының белгілері болса немесе күдіктенсеңіз, дереу дәрігерден кеңес алуыңыз керек.

Жоғарыда көрсетілген ережелердің барлығын сақтау туберкулез ауруынан сақтануға көмектеседі.

Өз денсаулықтарыңыз өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

Қ.АҚҚУЛИЕВ,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің басшысы.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың ақпан айының 23 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Молдаш Фариза Сатыбалдықызына анасы **Гүлбағираның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Кішкентай ауылда сөз жатушы ма еді. Еркебайдың баласы Мананбай Айсұлуға ғашық екен деген әңгіме лезде-ақ елге тарап кетті. Аитушылардың арасында екеуі де жас қой олай емес шығар деген пікірлер де айтылды.

Алақандай шағын елді мекенде желдей гулеген жәйдің расында да шынайы екендігі бірте-бірте айқындала бастады.

Мананбай мен Айсұлу бір сыныпта оқитын. Айсұлу-көркіне ақылы сай қыз. Сабақты да, үйінің шаруасын да тиянақты атқарады. Мінезі жібектей есілген. Артық күлгенін де кездестірген емеспін. Әдемі жымысы өзіне жарасып тұрады. Ағайын-туыстары да жақсы бойжетіп келе жатқан қыздарынан көп үміт күтеді. Сондықтан болар оны ата-анасы сыныптастарының бас қосуларына жібере бермейді. Айсұлу да көп жиындарда бой көрсетпейді. Сабақтан келген бетте түскі асын ішіп алады да үйдегі шаруаларды атқарады. Үйдің сыртындағы арықтан әпкішпен су таси-

еді. Елдің әңгіме етуінен ұялады. Айсұлудың үйі ауылдың шет жағында. Есігінің алдында үлкен төбет ит байлаулы тұрады. Өзі сондай сақ. Қарайған көрінсе жібермейді. Түрінің өзі қорқынышты. Бұлар жақындай бастағаннан ит үре бастады. Айсұлудың анасы: -Ит үріп кетті ғой біреу келді ме?-деді. Айсұлу: -Білмеймін қатты үріп жатыр,- деп сыртқа шықты. Мұның құлағына ысқырған дыбыс келді. Әлгі



Сол күні сыныптастар кинода бас қосатын болып келіскен-тін.

Ол кезде жастардың көбіне тоқайласатын жері ауылдағы шағын клуб болатын. Тұрғындар үнді киноларына көп келетін. Қызық. Сол фильмдердегі кейіпкерлердің аянышты тағдырына үлкен кісілер кәдімгідей сеніп, көздеріне жас алып отыратын. Теледидар дегеніңіз ауылда

нанбай:- Үйіңе дейін жеткізіп саламын ғой,-деп Айсұлудың қолынан қысып ұстап алды. Ол:-Қолымды жібер,- деген жоқ. Үйге жеткенше біраз жер. Манадан үнсіз келе жатқан жігіт батылданып қыздың бөлінен ұстап өзіне қарай тартты. Қыз қарсылық білдірген жоқ. Мананбай шөп еткізіп бетінен сүйіп алды. -Қой енді ағам іздеп қалар,-деп Айсұлу жедел басып ұзай берді.

Үйге келгеннен кейін Мананбай көп уақытқа дейін Айсұлуды ойлап көзін ілдіре алмады.

Екі жастың арасындағы мөлдір махаббат мектепті бітіргенше жалғасты.

Мананбай өзі қалаған Алматыға ауыл шаруашылық институтының механика факультетіне оқуға түсті. Ал Айсұлу Қыздар педагогикалық институтының математика факультетіне құжат тапсырып, оқуға ілікті. Өздері жүрек қалауымен түскен оқу орындарында екеуі де жақсы оқыды. Студенттер арасында зор беделге ие болды. Айсұлу топтың

МАНАНБАЙДЫҢ МАХАББАТЫ

ды. Апасы құдықтың суы ащы деп ішпейді. Шелекпен тасымалдап екі фляганы толтырады. Бұдан соң құдықтан су тартып қозы-лақтарды суарады. Мал қораның астын тазалау да Айсұлудың мойнында. Қораны айнадай етіп тазалап қояды. Осылай шаруа жасап жүргеннен кейін уақыт та жылдам өтеді. Ол күннің батқанын байқамай да қалады. Өзінен үлкен екі ағасы да мектеп бітіріп кеткен. Алматыда жоғарғы оқу орнында оқиды. Каникулға келген сайын студенттік күндердің қызықтарын айтып Айсұлуды қызықтырып қояды. Ағаларының әсем Алматыда түскен суреттерді көріп, солар сияқты қашан студент атанар екенмін деп армандайды. Айсұлу сегізінші сыныпта оқиды. Мектеп бітіруіне екі жылдай уақыт бар. Сыныптастарына ағалары алып келген Алматының суретін көрсетіп мақтанады. Әсем де, көркем қаланың көркіне қызыға қарай береді. Тіпті сол қалада жүргендей сезінетін кездері де көп. Жалпы Айсұлудың сұлулыққа жаны құмар. Өзінің қолы қалт еткен сәтін сурет қарауға жібереді.

Ауылдың сыртына шығып табиғаттың керемет көріністерін көруге де жаны құмар. Сеңгірдің үстіне шығып, айналаны тамашалап, талай қиял жетегіне берілгені бар.

Әсіресе көктем күндері дала ерекше құлпырып кетеді. Бәйшешектер ерте көктемнен гүлдеп, жердің көкіне көрік қосады. Жауқазынның дәмі таңдайдан кетпейді.

Құрбыларымен бірге қырга шығып қызғалдақ терген күндер тым қызық қой. Бұл сәтте ауыл балаларының шатықты кездері таусылмайды. Кең далада неше түрлі ойындар ойнап, қас қарая ауылға келген шақтары жиі болады.

Айсұлуды Мананбай жетінші сынып оқып жүрген кезінен ұната бастады. Сабақ үстінде кейде Мананбай Айсұлуға ұзақ қарап отыратын. Кейде бір-бірімен жанарлары жиі түйісіп қалады. Бірақ Мананбай ішкі сезімін Айсұлуға жеткізуге жүрексінеді. Қанша мәрте айтуға оқталса да батылы жетпейді.

Бір күні ол өзінен екі сынып төмен оқитын Нұрланға хат беріп, Айсұлуға жеткізуін өтінді. Нұрланның Айсұлуға туыстық жақындығы бар. Нұрлан мектеп жанындағы интернатта жатып оқиды. Былайша айтқанда ол көпшілік көзден оқшаулау жүреді. Бір тоға жуас бала.

Күн батып, қараңғылық қоюлана бастаған сәт. Мананбай Нұрланды ертіп Айсұлудың үйіне қарай аяңдады. Кеш келуінің себебі ешкімнің көзіне түспеу

дыбыс шыққан тұсқа қарай жақын-дағанда:-Айсұлу, біз ғой,-деген Нұрланның дауысы естілді. Ол жайлап жақындап келгенде Нұрлан қолындағы қағазды Айсұлуға ұсына берді. Мананбай ұзақтау жерде тұрды. Бұлар қыз хатты алғаннан кейін үйден ұзай берді.

Қыздың апасы:-Айсұлу, кім келді,- деп қатқылдау үн қатты. -Апа, ит жәй үріп жатыр екен,-деп Айсұлу бөлмесіне кіріп кетті. Хатты жастығының астына жасырып қойды. Апасының көшкі шәйін бергеннен кейін Айсұлу оңаша бөлмесіне кіріп, сабақ дайындап отырып Мананбайдың хатына көз жүгіртті. Бозбала ішкі сезімін оқушы дәптерінің екі бетіне толтырыпты. Айсұлу хатты оқып шыққаннан кейін жүрегінің атша тулап, қатты соққанын байқады. Сол түні Айсұлу жақсы түс көріп оянды.

Ертесіне сабаққа барған сәтте көзіне бірден Мананбай ілінді. Ол сыныпқа кірген бетте соңғы партада отырған Мананбаймен көз түйістіріп қалды. Оның жазған хатына жауабын жылы қабағымен танытқандай болды. Сол күні сабақ біткенше Мананбай Айсұлу жақтан көзін алмады. Өзара бірін-бірі түсінісу үнсіз өтті.

Мананбай үйіндегі екінші бала. Ағасы Алматыда оқиды. Анасы өте қарапайым, мейірімді жан. Ауылдағы интернатта аспазшы болып істейді. Балаларға тым жақын. Балажан кісі. Ұлы сабақтан келгеннен кейін сабағын дайындайды да достарын жинап алып гитара шертіп отырады. Сыныптасы Ерлан осы аспапты күнде күнде келіп жүріп үйреніп алды. Екеуі гитараның құлағын келтіріп алып әуелете әнге басады. Сол кездегі елге танымал «Досмұқасан» ансамбіліне екеуі де қатты өліктейді. Сыныптастарымен бірге болған басқосуларда сол топтың әндерін гитараға қосып орындайтын. Айсұлу да сыныптастарының өнеріне қатты қызығатын. Кейде олар салған әнді ыңылдап айтып жүретін. Достардың екеуі жұбай жазылмай жүріп мектепте өткен іс-шараларда өнерлерін ортаға салып, төңірегіндегілерді әнмен әлдилейтін. Сөйтіп жүріп олар мектептің «Жас өңшілері» атанды.

Мананбай табиғатынан жуас. Көп сөйлей бермейді. Сыныптастарының арасында сабақты үздік оқумен көзге түсіп, танылған. Техникаға жақсы құмар. Автокөлік жайлы жазылған журнал, газеттерді көп оқиды. Болашақта инженер болуды армандайды. Үйдегі тірлікті де тап-тұйнақтай етіп жасап, әкесі мен анасына көмектеседі.

Айсұлуға хат бергеннен кейін Мананбай қызбен ауыл клубында кездесті.

Сол күні сыныптастар кинода бас қосатын болып келіскен-тін. Ол кезде жастардың көбіне тоқайласатын жері ауылдағы шағын клуб болатын. Тұрғындар үнді киноларына көп келетін. Қызық. Сол фильмдердегі кейіпкерлердің аянышты тағдырына үлкен кісілер кәдімгідей сеніп, көздеріне жас алып отыратын. Теледидар дегеніңіз ауылда

Сыныптастар киноға бару үшін үйлеріндегі тірлікті тап-тұйнақтай етіп атқарады. Тіпті сол күні өте тілалғыш болып кетеді. Апасы мен көкесін жағалап:-Қандай шаруа бар. Атқарып тастайын,-деп елпілдеп тұрады.

Малдың астын тазалау, сыпыру, көшкесі қозы-лақты өріскен күтіп алу, астауға жем-шөбін салып қою сияқты тірліктерді тастай етеді. Содан кейін барып қана ата-анасының рұқсатын алып, клуб жаққа қарай аяңдайды.

Ауылдың шағын клубы балалар үшін үлкен театрдан кем болмайды. Көп баратын кинолары үнді фильмдері.

Мананбай күндіз велосипедімен барып кешкі киноға екі билет алып келді. Мана сабақтан қайтарда Айсұлуға:-Кешке киноға келесің бе?-деген. Ол:-Апамдар жіберсе көремін,-деді.

Үйіндегілердің тапсырмасын орындап болған соң Айсұлу клубқа келер ме, екен деп кешке дейін ойлап жүрді.

Ымырт үйіріліп, қас қарая досы Ерланды ертіп клуб жаққа қарай аяңдады. Келсе, клубтың алды ығы-жығы көрермендерге толы екен. Сыныптастарының біразы осында жүр. Клубтың маңдайшасына ілінген жарықтан төңірек анық көрінеді. Көптің арасынан Мананбай Айсұлуды іздеді. Көрініп берді. Көңілі бәсең тартты.

-Неге келмей қалды екен,-деп алаңдады. Кино қоюшы жігіт:-Қане, қане жақындаңыздар!-деп ішке кіргізе бастады. Көрермендер жапа тармағай алға ұмтылды. Осы кезде сырт жақтан Айсұлудың төбесі көрінді. Бұл жүрегі жарылардай қуанып кетті. Билетті көрсетіп, сүйіктісін қасына алып, клубтың орта тұсына барып жайғасты. Бұрын соңды қызбен қатар отырмағаннан кейін бе, жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Оң жағында отырған Айсұлудың деміне елітіп отырды. Екі сериялы киноның қалай біткенін сезбей де қалды. Кино аяқталып, жиналған жұрт жан-жақ тарай бастады.

Мананбай мен Айсұлу біраз жерге дейін бірге барғаннан кейін қыз бұған:-Енді өзім жете аламын ғой,-деді. Ма-

старостасы болып сайланды.

Ауылдағы айлы түндері екеуі талай қыдырған сәттерді қызыға еске алып Алматыға барғаннан кейін махаббаттары әрмен қарай жалғастырды. Мананбай сабақтан қолы босай қалса, Сейфуллин мен Гоголь көшесі қиылысына орналасқан ЖЕНПИ-дің жатақханасына қарай тартып отыратын.

Әсем қаланың көрікті жерлерін аралап, сырласып, асқақ армандарын өзара бөлісіп, екеуі талай мөлдір сезімнің нұрына бөленді.

Мананбай сол оқу орнында жүргенде әскерге шақырылды. Борышын өтеуге аттанды. Бұл Ауғанстанда соғыстың қайнап жатқан шағы еді. Қандағар қаласына барып түсті. Нағыз оттың ортасында, өлім мен өмірдің арасында болды.Абырой болғанда қанды соғыстан қол-аяғы сау, аман оралды. Ата-анасы ұлдарының әскери борышын адал атқарып келгеніне қуанып, шүкіршілік етті.

Мананбайды әскерден қайтқанда Алматы қаласында тікұшақтан сыныптас достары қарсы алды. Араларында Айсұлу да болды. Екі ғашықтың қауышқан сәтін көрсеңіз. Тілмен айтып жеткізу қиын. Бір-біріне деген ынтық сезімдері көз жанарларынан сезіліп тұрды. Екі жыл бойы жігіттің майданнан келуін күткен Айсұлудың қуаныштан екі беті бал-бұл жанып жүрді.

Мананбай жоғары оқу орнындағы оқуын әрмен қарай жалғастырды. Бұл кезде Айсұлу ЖЕНПИ-дің соңғы курсында оқитын.

Баяғы ғашықтың сезімдері оттай лаулай түскен олар өмір бойы жұп болып ғұмыр кешуді алдарына мақсат етіп қойды.

Достары, бірге оқыған курстастары бұлардың неке сарайына барып некеге тұру рәсіміне қатысып, үйлену тойларының қызығын бірге бөлісті.

Ауылдастары жыр ғып айтып жүрген Мананбай мен Айсұлудың ғашықтық хикаясы екеуінің жарасымды жанұя болуына ұласты.

Мананбай кейін білдей инженер болса, Айсұлу шәкірт тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз атанды.

Жарасымды жанұяның тағылымды тіршілігін ауылдастары үлгі тұтты.

Отбасыларында ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді. Шаңырақтарының шаттығы немерелері өсіп-өніп, бұлардың өмірін нұрландырып жіберді.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.